# "Тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 485 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 93 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 1 ақпандағы № 46 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 15 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 ақпанда № 31843 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 485 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 93 бірлескен бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17871 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:"

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ұлттық экономика министрі* _________*А. Куантыров*

*Қазақстан Республикасының*
*Ауыл шаруашылығы министрі* ___________*Е. Карашукеев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 1 ақпандағы
№ 46 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 485 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 93 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

## Тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес, тұқым шаруашылығы саласындағы бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері (объектілері) – бірегей тұқым өндірушілер, элиталық-тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханалар, тұқымдарды тұтынушылар (тұқымдарды сату құқығынсыз үй жанындағы, бау-бақ, саяжай және бақша учаскелерінде пайдалану үшін тұқым өндірумен шұғылданатын жеке адамдарды қоспағанда), тұқым өткізушілер;

2) болмашы бұзушылық – тұқым шаруашылығы саласындағы құжаттаманы дұрыс жүргізбеу бөлігінде тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;

3) елеулі бұзушылық – егістіктің, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің, сұрыптық агротехниканың, білікті мамандарының, бастапқы тұқымдық материалының болуы, тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының сақталуын қамтамасыз ету, егістерді (отырғызылған екпелерді), аумақтарды, тұқым тазалағыш машиналар мен механизмдерді, қоймаларды карантиндік объектілердің анықталуы және олармен күресу жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне жүйелі түрде зерттеп-қарау жүргізу, орташа сынамаларды сақтау, тұқымның сапасы туралы құжаттарды ресімдеу, Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының талаптарына сұрыпттық және егу сапасы бойынша сәйкес келетін тұқымдарды егу үшін пайдалану, лицензиялық шарттың болуы, сондай-ақ есептілік ұсынудың мерзімдері мен толықтығын сақтау жөніндегі тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;

4) өрескел бұзушылық – Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы саласындағы заңнамасында белгіленген, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 402-бабында көзделген әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соқтыратын талаптарды бұзу, материалдық-техникалық жарақтандыру, байқаудан өткізу, сынамаларды іріктеп алу, тұқым сапасына сараптама жүргізген кезде тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттарды сақтау жөніндегі талаптарды сақтамау, шағымдар мен арыздардың болуы, гендік инженерия (генетикалық түрлендірілген) негізінде алынған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану, карантиндік объектілермен залалданған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану, субсидияланған тұқымдарды мақсатсыз пайдалану.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін ( объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне (бұдан әрі – тәуекел дәрежесі) жатқызады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел;

3) төмен тәуекел.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

## 2-тарау. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

4. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

### 1-параграф. Объективті өлшемшарттар

5. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесі бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бірегей тұқым өндірушілер, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым өсіру шаруашылықтары және тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханалар жатады.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің орташа дәрежесі бақылау субъектілеріне (объектілеріне) тұқымдарды тұтынушылар (тұқымдарды сату құқығынсыз үй жанындағы, бау-бақ, саяжай және бақша учаскелерінде пайдалану үшін тұқым өндірумен шұғылданатан жеке адамдарды қоспағанда) жатады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесі бақылау субъектілеріне (объектілеріне) тұқым өткізушілер жатады.

### 2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері;

2) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

10. Осы Өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі және болмашы.

11. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін осы Өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары пайдаланылады.

12. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес осы Өлшемшарттардың 3-тарауына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

**3-параграф. Тәуекелдерді басқару**

13. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы осы Өлшемшарттардың 18-тармағында айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

14. Бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, тұқым шаруашылығы саласындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Өлшемшарттарда бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылаудан босату жағдайлары айқындалған болса ауыстырылады.

15. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін

шегі тұқым шаруашылығы саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.

## 3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

16. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_е = (\Sigma P_2 \times 100/\Sigma P_1) \times 0,7,$$

мұнда:

$\Sigma P_е$
- елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$\Sigma P_1$
- талап етілетін елеулі бұзушылықтар саны;

$\Sigma P_2$
- анықталған елеулі бұзушылықтар саны.

Болмашы бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_б = (\Sigma P_2 \times 100/\Sigma P_1) \times 0,3,$$

мұнда:

$\Sigma P_б$
- болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

$\Sigma P_1$

- талап етілетін болмашы бұзушылықтар саны;

$\Sigma P_2$

- анықталған болмашы бұзушылықтар саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (Р) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$$\Sigma P = \Sigma P_е + \Sigma P_б,$$

мұнда:

$\Sigma P$

- тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\Sigma P_е$

- елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$\Sigma P_б$

- болмашы бұзушылықтар көрсеткіші

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес бақылау субъектісін (объектісін) белгілі бір тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін негіз болып табылады.

**4-тарау. Қорытынды ережелер**

17. Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректеріне Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабы 1-тармағынына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Бара отырып жүргізілген алдыңғы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

18. Бақылау субъектісіне бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады, бірақ жылына екі реттен жиі болмау керек.

19. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптасатын бақылау субъектісіне (

объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Тұқым шаруашылығы
саласындағы тәуекелдер
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
қосымша

## Тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

| № | Өлшемшарттардың атауы | Бұзу дәрежесі |
|---|---|---|
| Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері | | |
| Бірегей тұқымдарды өндірушілер | | |
| 1. | Бірегей тұқым өндірісін жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы | елеулі |
| 2. | Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) болуы | елеулі |
| 3. | Жалпы егіс алаңының 30 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістерінің болуы | болмашы |
| 4. | Бірегей тұқым өндіру (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы | болмашы |
| 5. | Нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы | елеулі |
| | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті | |

| | | |
|---|---|---|
| 6. | аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте бірегей тұқым өндірушінің аумағында және аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде карантиндік объектілердің болмауын қамтамасыз етеді | елеулі |
| 7. | Кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар кемінде дақыл жөніндегі бір маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен бірегей тұқымдар өндірісі бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыруға арналған шарттың болуы | елеулі |
| 8. | Кемінде бір агрономның және әр дақыл бойынша маманның, сондай-ақ дақыл мен сұрыптың тұқым щаруашылығы бойынша жұмысының айрықша әдістерін меңгерген кемінде үш техникалық персоналдың болуы | елеулі |
| 9. | Бірегей тұқым өндірудің дақыл мен сұрыптың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін схемаларға қатаң сәйкестікте қамтамасыз ету | елеулі |
| 10. | Кейіннен элиталық тұқымдар өндірісін қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін қажетті ассортиментте және көлемде сұрыптың тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық екпе ағаштардың) болуы | елеулі |
| 11. | Бастапқы буындардың негізін қалау үшін 100 пайыз; суперэлита үшін 50 пайыз қажеттілікте тұқымдардың сақтандыру қорларының болуы (жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) | өрескел |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12. | Бірегей тұқымдар өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы | өрескел | |
| 13. | Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы | өрескел | |
| 14. | Бірегей тұқымдар өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды жүргізу (себу, жарамсыз деп тану, сұрыптық, түрлік және фитопатологиялық отау (тазалау), егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымдарды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарға арналған аттестаттар) | өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15. | Сұрыпты шығару әдісін, ата-аналық нысандар, сұрып белгілерінің ерекше сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сұрып жөніндегі құжаттаманы жүргізу | елеулі | |
| 16. | Тұқым шаруашылығы жөніндегі есепке алу материалдарының кемінде бес жыл сақталуын қамтамасыз ету | елеулі | |
| Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары | | | |
| 17. | Элиталық тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) болуы | елеулі | |
| 18. | Нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы | елеулі | |
| 19. | Жалпы егіс алаңының 25 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістерінің болуы | болмашы | |
| 20. | Соңғы үш жылдағы өнімділік ( жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) – орташа облыстық деңгейден жоғары | елеулі | |
| 21. | Тұқым шаруашылығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы | болмашы | |
| 22. | Жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің ( элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын қамтамасыз ету 25 пайыздан кем болмауы | болмашы | |
| | Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 5-тен көп емес (жеміс-жидек дақылдары мен | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 23. | жүзім көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды) | елеулі | |
| 24. | Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сұрыптардың саны 5-тен көп емес (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп емес (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды) | елеулі | |
| 25. | Суперэлитаны отырғызу үшін 50 пайыз қажеттілікте тұқымдарды сақтандыру қорларының болуы ( жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) | өрескел | |
| 26. | Дақылдар мен сұрыптар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы | елеулі | |
| 27. | Аудандастырылғандар тізбесіне енгізілген сұрыптардың тұқымдарын өсіру схемаларының болуы | елеулі | |
| 28. | Тұқым материалын өсіру жұмыстарының барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілетін құжаттаманы есепке алуды және жүргізуді ұйымдастыру | өрескел | |
| 29. | Элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіруге арналған ассортиментте және көлемде аудандастырылған және перспективалы сұрыптардың бастапқы тұқымдық материалының (бірегей тұқымдардың) болуы | елеулі | |
| | Аттестаттауға өтініш берілген кезден бастап бірегей тұқым өндірушімен кемінде үш жыл мерзімге және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге элиталық тұқымның | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 30. | жоспарланған санын өндіруге арналған ассортиментте және көлемде бірегей тұқымдардың (бірінші ұрпақ будандарын өндірушілер үшін гибридтердің ата-аналық нысандарын, өздігінен тозаңданған желілер мен гибридті таралымдарды жеткізу туралы) аудандастырылған және (немесе) перспективалы сұрыптарын жеткізу туралы шарттың болуы | өрескел | |
| 31. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен элиталық тұқым өндірісін ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы | елеулі | |
| 32. | Тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы | өрескел | |
| 33. | Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы | өрескел | |
| | Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды жүргізу (себу, егістерді | | |

| | | |
|---|---|---|
| 34. | қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымға арналған аттестаттар, тұқымдардың кондициялылығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс) | өрескел |
| 35. | Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде үш жыл сақталуын ұйымдастыру | елеулі |
| 36. | Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (ортадан кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы | елеулі |
| 37. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте элиталық тұқым шаруашылығы аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де карантиндік объектілердің болмауы тиіс | өрескел |
| 38. | Элиталық тұқым өндірісін жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы | елеулі |
| 39. | Субсидияланған тұқымдарды мақсатты пайдалану (элиталық тұқымдарды немесе бірінші ұрпақ будандарын өндіру үшін) | өрескел |
| Тұқым өсіру шаруашылықтары | | |
| 40. | Тұқым шаруашылығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы | болмашы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 41. | Бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымдарын өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы | елеулі | |
| 42. | Бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымдарын өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) | елеулі | |
| 43. | Жалпы егіс алаңының 20 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістерінің болуы | болмашы | |
| 44. | Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 4-тен көп емес (жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) | елеулі | |
| 45. | Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сұрыптардың саны 5-тен көп емес (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп емес (жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) | елеулі | |
| 46. | Аттестаттауға өтініш берілген кезден бастап элиталық тұқым өсіру шаруашылығымен кемінде үш жыл мерзімге және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру үшін аудандастырылған және ( немесе) перспективалы сұрыптардың элиталық тұқымдарын жеткізу туралы шарттың болуы | елеулі | |
| | Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 47. | заңды тұлғамен бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымы өндірісін ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы | елеулі | |
| 48. | Нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өңдеп-өсіру агротехнологиясын сақтау | елеулі | |
| 49. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған тұқым шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте тұқым шаруашылығы аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де карантиндік объектілердің болмауы тиіс | өрескел | |
| 50. | Тиісті білімі (ортадан кейінгі немесе жоғары) бар кемінде бір агрономның болуы | елеулі | |
| 51. | Дақылдар мен сұрыптар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы | елеулі | |
| 52. | Бірінші, екінші және үшінші репродукцияның сұрыптық тұқымын өсіру схемаларының болуы | елеулі | |
| 53. | Бастапқы тұқымдық материалдың бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымының жоспарланатын мөлшерін өндіруге арналған ассортиментте және көлемде болуы | елеулі | |
| 54. | Тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың жоспарланатын көлемін өндіру жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы | өрескел | |
| | | | |

| | | |
|---|---|---|
| 55. | Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы | өрескел |
| 56. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрпы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды жүргізу (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымға арналған аттестаттар, тұқымдардың кондициялылығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс) | өрескел |
| 57. | Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде бір жыл сақталуын қамтамасыз ету | елеулі |
| 58. | Субсидияланған тұқымдарды мақсатты пайдалану (бірінші репродукциялы тұқым өндіру үшін) | өрескел |
| Тұқым өткізушілер | | |
| 59. | Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (ортадан кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде | елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы | |
| 60. | Кейіннен өткізу үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын жеткізу туралы тұқым өндірушілермен (тұқымды шетелдік жеткізушілерден сатып алған (импорт бойынша) жағдайда тұқым жеткізушілермен) жыл сайын жасалатын шарттың болуы | елеулі |
| 61. | Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы | өрескел |
| 62. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өңдеу, сақтау және өткізу жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік немесе лизинг немесе мүліктік жалға алу не сенімгерлік басқару құқығындағы мамандандырылған техниканың болуы | өрескел |
| 63. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының әр партиясы бойынша өткізілетін тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды, тұқымды құжаттандыруды, нөмірленген, тігілген және оған облыстың тиісті жергілікті атқарушы органының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қойған тұқымдарды есепке алу журналын жүргізу | өрескел |
| 64. | Тұқымдарды сақтау және өткізу материалдарының кемінде екі жыл сақталуын қамтамасыз ету | елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| 65. | Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сұрыптарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының тұқымдарын өткізу кезінде патент иеленуші (лицензиар) өткізушіге (лицензиатқа) селекциялық жетістікті уақытша пайдалану құқығын беретін лицензиялық шарттың болуы | елеулі |
| 66. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған карантиндік объектілердің болмауы. | өрескел |
| Тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханалар | | |
| 67. | Орташа сынамаларды тіркеу журналын жүргізу | болмашы |
| 68. | Тұқым сапасы журналын жүргізу | болмашы |
| 69. | Тұқым сапасы туралы берілген құжаттарды тіркеу журналын жүргізу | болмашы |
| 70. | Тұқым сапасы туралы құжаттарды ресімдеу: тұқымның кондициялығы туралы куәлікті немесе тұқымды талдау нәтижесін, тұқымдық картопқа – түйнектік талдау актісі | елеулі |
| 71. | Талдаудан қалған сынама бөліктерін ауданда осы дақылды себу аяқталғаннан кейін (аудандық статистикалық есептілікке сәйкес) бір ай бойы сақтау | елеулі |
| Тұқым тұтынушылар (тұқымдарды өткізу құқығынсыз үй жанындағы, бау-бақша, саяжай және бақша учаскелерінде пайдалану үшін оларды өндірумен айналысатын жеке тұлғаларды қоспағанда) | | |
| 72. | Карантиндік объектілермен залалданбаған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану | өрескел |
| 73. | Егіс сапасына сараптамадан өткен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану | елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| 74. | Гендік инженерия негізінде алынбаған (генетикалық түрлендірілген) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану | өрескел |
| 75. | Себу үшін тұқымның сұрыптық және егістік сапасын куәландыратын құжаттардың ( байқаудан өткізу актісі, тұқым аттестаты, тұқым куәлігі, тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік, тұқымдарға талдау жасау нәтижесі) болуы | елеулі |
| 76. | Субсидияланған тұқымдарды мақсатты пайдалану (кейіннен репродукциялы тұқым өндіру үшін элиталық тұқымдар мен бірінші репродукциялы тұқымдар бойынша, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін бірінші ұрпақ будандары, қызанақ, қияр және мақта бойынша) | өрескел |
| Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | | |
| Бірегей тұқымдарды өндірушілер, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым өсіру шаруашылықтары | | |
| 77. | Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының болжамдық құрылымы туралы мәліметтерді ұсыну | елеулі |
| 78. | Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының себілген тұқымдарының саны және сапасы туралы мәліметтерді ұсыну | елеулі |
| 79. | Тиісті жылы егу үшін күздік, жаздық дәнді, дәндібұршақты, майлы, техникалық дақылдардың, біржылдық және көпжылдық шөптердің және картоптың тұқымдарына деген ауыл шаруашылығы құралымдарының қажеттілігі және олармен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтерді ұсыну | елеулі |
| 80. | Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының сұрыптық құрамы туралы мәліметтерді ұсыну | елеулі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 81. | Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының репродукциялық құрамы туралы мәліметтерді ұсыну | елеулі |
| 82. | Тұқымдарды өңдеу және сақтау жөніндегі материалдық-техникалық базаның бар-жоғы туралы мәліметтерді ұсыну | елеулі |
| 83. | Тұқым өндірушілердің өткен жылғы егін тұқымдарын өндіруі және күтілетін өткізуі туралы мәліметтерді ұсынуы | елеулі |
| 84. | Аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілерінің өткен жылғы егін тұқымдарын пайдалануы туралы мәліметтерді ұсынуы | елеулі |
| 85. | Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрыптық егістерін байқаудан өткізу туралы мәліметтерді ұсыну | елеулі |
| Тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханалар | | |
| 86. | Тиісті жылға арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша тұқымдардың егу сапасын зерттеу саны туралы мәліметтерді ұсыну | елеулі |
| Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны | | |
| 87. | Сатып алынған тұқым сапасы мен тұқым сапасының сараптамасы бойынша бақылау субъектілеріне келіп түскен екі және одан да көп расталған шағымдар мен өтініштердің болуы | елеулі |

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 1 ақпандағы
№ 46 бірлескен бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің

2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 485 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 93 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

**Бірегей тұқым өндірушілерге арналған тұқым шаруашылығы саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _______________________________

___________________________________________________________________

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ___________________________________________________________

___________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы _______________________________________

___________________________________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Бірегей тұқым өндірісін жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы | | |
| | Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) болуы | | |
| 3. | Жалпы егіс алаңының 30 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістерінің болуы | | |
| 4. | Бірегей тұқым өндіру ( бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы | | |
| 5. | Нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы | | |
| 6. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте бірегей тұқым өндірушінің аумағында және аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде карантиндік объектілердің болмауын қамтамасыз етеді | | |
| | Кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар кемінде дақыл жөніндегі бір | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7. | маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен бірегей тұқымдар өндірісі бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыруға арналған шарттың болуы | | |
| 8. | Кемінде бір агрономның және әр дақыл бойынша маманның, сондай-ақ дақыл мен сұрыптың тұқым щаруашылығы бойынша жұмысының айрықша әдістерін меңгерген кемінде үш техникалық персоналдың болуы | | |
| 9. | Бірегей тұқым өндірудің дақыл мен сұрыптың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін схемаларға қатаң сәйкестікте қамтамасыз ету | | |
| 10. | Кейіннен элиталық тұқымдар өндірісін қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін қажетті ассортиментте және көлемде сұрыптың тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық екпе ағаштардың) болуы | | |
| 11. | Бастапқы буындардың негізін қалау үшін 100 пайыз; суперэлита үшін 50 пайыз қажеттілікте тұқымдардың сақтандыру қорларының болуы ( жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көшеттерін | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өндірушілерге қолданылмайды) | | |
| 12. | Бірегей тұқымдар өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы | | |
| 13. | Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы | | |
| | Бірегей тұқымдар өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды жүргізу (себу, жарамсыз деп тану, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14. | сұрыптық, түрлік және фитопатологиялық отау ( тазалау), егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымдарды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарға арналған аттестаттар) | | |
| 15. | Сұрыпты шығару әдісін, ата-аналық нысандар, сұрып белгілерінің ерекше сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сұрып жөніндегі құжаттаманы жүргізу | | |
| 16. | Тұқым шаруашылығы жөніндегі есепке алу материалдарының кемінде бес жыл сақталуын қамтамасыз ету | | |

Лауазымды тұлға (тұлғалар) ____________________ _________________________
(лауазымы) (қолы)

_____________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Бақылау субъектісінің басшысы _______________________ ___________________
(лауазымы) (қолы)

___________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 1 ақпандағы
№ 46 бірлескен бұйрығына

3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 485 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 93 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

**Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына арналған тұқым шаруашылығы саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _________________________________

___________________________________________________________________________

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ____________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы ____________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Элиталық тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) болуы | | |
| 2. | Нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы | | |
| 3. | Жалпы егіс алаңының 25 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістерінің болуы | | |
| 4. | Соңғы үш жылдағы өнімділік (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) – орташа облыстық деңгейден жоғары | | |
| 5. | Тұқым шаруашылығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы | | |
| 6. | Жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын қамтамасыз ету 25 пайыздан кем болмауы | | |
| 7. | Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 5-тен көп емес (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды) | | |
| 8. | Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сұрыптардың саны 5-тен көп емес ( жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп емес (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды) | | |
| 9. | Суперэлитаны отырғызу үшін 50 пайыз қажеттілікте тұқымдарды сақтандыру қорларының болуы (жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) | | |
| 10. | Дақылдар мен сұрыптар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы | | |
| 11. | Аудандастырылғандар тізбесіне енгізілген сұрыптардың тұқымдарын өсіру схемаларының болуы | | |
| 12. | Тұқым материалын өсіру жұмыстарының барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілетін құжаттаманы есепке алуды және жүргізуді ұйымдастыру | | |
| 13. | Элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіруге арналған ассортиментте және көлемде аудандастырылған және | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | перспективалы сұрыптардың бастапқы тұқымдық материалының (бірегей тұқымдардың) болуы | | |
| 14. | Аттестаттауға өтініш берілген кезден бастап бірегей тұқым өндірушімен кемінде үш жыл мерзімге және ( немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге элиталық тұқымның жоспарланған санын өндіруге арналған ассортиментте және көлемде бірегей тұқымдардың (бірінші ұрпақ будандарын өндірушілер үшін гибридтердің ата-аналық нысандарын, өздігінен тозаңданған желілер мен гибридті таралымдарды жеткізу туралы) аудандастырылған және ( немесе) перспективалы сұрыптарын жеткізу туралы шарттың болуы | | |
| 15. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен элиталық тұқым өндірісін ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы | | |
| 16. | Тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы | | |
| 17. | Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы | | |
| 18. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды жүргізу (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымға арналған аттестаттар, тұқымдардың кондициялылығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс) | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19. | Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде үш жыл сақталуын ұйымдастыру | | |
| 20. | Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (ортадан кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы | | |
| 21. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте элиталық тұқым шаруашылығы аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де карантиндік объектілердің болмауы тиіс | | |
| 22. | Элиталық тұқым өндірісін жүргізу үшін егістік алаңның ( суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы | | |
| 23. | Субсидияланған тұқымдарды мақсатты пайдалану | | |

Лауазымды тұлға (тұлғалар) ____________________ _________________________
(лауазымы) (қолы)

_____________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Бақылау субъектісінің басшысы ________________________ ____________________
(лауазымы) (қолы)

____________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 1 ақпандағы
№ 46 бірлескен бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 485 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 93 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

**Тұқым өсіру шаруашылықтарына арналған тұқым шаруашылығы саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

№, күні
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы ________________________________

______________________________________________________________________

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру
нөмірі _________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы ________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Тұқым шаруашылығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы | | |
| 2. | Бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымдарын өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы | | |
| 3. | Бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымдарын өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы ( жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) | | |
| 4. | Жалпы егіс алаңының 20 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістерінің болуы | | |
| 5. | Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 4-тен көп емес (жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) | | |
| | Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | жүргізілетін әр дақыл бойынша сұрыптардың саны 5-тен көп емес ( жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп емес (жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) | | |
| 7. | Аттестаттауға өтініш берілген кезден бастап элиталық тұқым өсіру шаруашылығымен кемінде үш жыл мерзімге және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру үшін аудандастырылған және ( немесе) перспективалы сұрыптардың элиталық тұқымдарын жеткізу туралы шарттың болуы | | |
| 8. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымы өндірісін ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы | | |
| 9. | Нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өңдеп-өсіру агротехнологиясын сақтау | | |
| | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10. | жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған тұқым шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте тұқым шаруашылығы аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де карантиндік объектілердің болмауы тиіс | | | |
| 11. | Тиісті білімі (ортадан кейінгі немесе жоғары) бар кемінде бір агрономның болуы | | | |
| 12. | Дақылдар мен сұрыптар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы | | | |
| 13. | Бірінші, екінші және үшінші репродукцияның сұрыптық тұқымын өсіру схемаларының болуы | | | |
| 14. | Бастапқы тұқымдық материалдың бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымының жоспарланатын мөлшерін өндіруге арналған ассортиментте және көлемде болуы | | | |
| 15. | Тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың жоспарланатын көлемін өндіру жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы | | | |
| | Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16. | мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы | | |
| 17. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрпы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды жүргізу (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымға арналған аттестаттар, тұқымдардың кондициялылығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс) | | |
| 18. | Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде бір жыл сақталуын қамтамасыз ету | | |
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19. | Субсидияланған тұқымдарды мақсатты пайдалану | | | |

Лауазымды тұлға (тұлғалар) ____________________ _________________________
(лауазымы) (қолы)

_____________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Бақылау субъектісінің басшысы _______________________ ___________________
(лауазымы) (қолы)

___________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 1 ақпандағы
№ 46 бірлескен бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 485 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 93 бірлескен бұйрығына
5-қосымша

## Тұқым өткізушілерге арналған тұқым шаруашылығы саласындағы тексеру парағы

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

№, күні
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _______________________________

___________________________________________________________________

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________________________

______________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы ____________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (ортадан кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы | | |
| 2. | Кейіннен өткізу үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын жеткізу туралы тұқым өндірушілермен ( тұқымды шетелдік жеткізушілерден сатып алған (импорт бойынша) жағдайда тұқым жеткізушілермен) жыл сайын жасалатын шарттың болуы | | |
| 3. | Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың ( қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы | | |
| 4. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өңдеу, сақтау және өткізу жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік немесе лизинг немесе мүліктік жалға алу не сенімгерлік басқару құқығындағы мамандандырылған техниканың болуы | | |
| 5. | Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының әр партиясы бойынша өткізілетін тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды, тұқымды құжаттандыруды, нөмірленген, тігілген және оған облыстың тиісті жергілікті атқарушы органының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қойған тұқымдарды есепке алу журналын жүргізу | | |
| 6. | Тұқымдарды сақтау және өткізу материалдарының кемінде екі жыл сақталуын қамтамасыз ету | | |
| 7. | Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сұрыптарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының тұқымдарын өткізу кезінде патент иеленуші (лицензиар) өткізушіге (лицензиатқа) | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | селекциялық жетістікті уақытша пайдалану құқығын беретін лицензиялық шарттың болуы | | |
| 8. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған карантиндік объектілердің болмауы. | | |

Лауазымды тұлға (тұлғалар) ____________________ _________________________
(лауазымы) (қолы)

_____________________________________________
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Бақылау субъектісінің басшысы _______________________ ___________________
(лауазымы) (қолы)

___________________________________________
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 1 ақпандағы
№ 46 бірлескен бұйрығына
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 485 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 93 бірлескен бұйрығына
6-қосымша

**Тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханаларға арналған тұқым шаруашылығы саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы ______________________________

___________________________________________________________________

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру

нөмірі _____________________________________________________________

___________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы _______________________________________

___________________________________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Орташа сынамаларды тіркеу журналын жүргізу | | |
| 2. | Тұқым сапасы журналын жүргізу | | |
| 3. | Тұқым сапасы туралы берілген құжаттарды тіркеу журналын жүргізу | | |
| 4. | Тұқым сапасы туралы құжаттарды ресімдеу: тұқымның кондициялығы туралы куәлікті немесе тұқымды талдау нәтижесін, тұқымдық картопқа – түйнектік талдау актісі | | |
| 5. | Талдаудан қалған сынама бөліктерін ауданда осы дақылды себу аяқталғаннан кейін ( аудандық статистикалық есептілікке сәйкес) бір ай бойы сақтау | | |

Лауазымды тұлға (тұлғалар) ____________________ __________________________
(лауазымы) (қолы)

_______________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Бақылау субъектісінің басшысы _______________________ ___________________
(лауазымы) (қолы)

_____________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 1 ақпандағы
№ 46 бірлескен бұйрығына
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 485 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 93 бірлескен бұйрығына
7-қосымша

**Тұқым тұтынушыларға арналған (тұқымдарды өткізу құқығынсыз үй жанындағы, бау-бақша, саяжай және бақша учаскелерінде пайдалану үшін тұқым өндірумен айналысатын жеке тұлғаларды қоспағанда) тұқым шаруашылығы саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

_____________________________________________________________________

_____________________________________________________________________

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

_____________________________________________________________________

_____________________________________________________________________

№, күні
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы ________________________________

_____________________________________________________________________

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру

нөмірі ____________________________________________________________

____________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы ______________________________________

____________________________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Карантиндік объектілермен залалданбаған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу ( отырғызу) үшін пайдалану | | |
| 2. | Егіс сапасына сараптамадан өткен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу ( отырғызу) үшін пайдалану | | |
| 3. | Гендік инженерия негізінде алынбаған ( генетикалық түрлендірілген) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу ( отырғызу) үшін пайдалану | | |
| 4. | Себу үшін тұқымның сұрыптық және егістік сапасын куәландыратын құжаттардың (байқаудан өткізу актісі, тұқым аттестаты, тұқым куәлігі, тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік, тұқымдарға талдау жасау нәтижесі) болуы | | |
| 5. | Субсидияланған тұқымдарды мақсатты пайдалану | | |

Лауазымды тұлға (тұлғалар) ____________________ _________________________

(лауазымы) (қолы)

_______________________________________________
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Бақылау субъектісінің басшысы ________________________ ____________________
(лауазымы) (қолы)

_____________________________________________
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК